

ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ  
ӘКІМДІГІ  
«ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ  
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ» ММ  
140000, Павлодар қаласы  
Кривенко көшесі, 25  
тел./факс.: 32-21-67



АКИМАТ ГОРОДА  
ПАВЛОДАРА  
ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ  
ГОРОДА ПАВЛОДАРА»  
140000, город Павлодар  
ул. Кривенко, 25  
тел./факс.: 32-21-67

### БҰЙРЫҚ

2014 ж. «20» қаңтар  
№ 64

### ПРИКАЗ

№ 64  
«20» январь 2014 г.

## Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеттерінің байқау-сайысын өткізу туралы

ҚР мемлекеттік жалпы білім беру стандартын жүзеге асыруда білім беру үрдісінің жағдайы мен оқу кабинетінің ролін бақылау мақсатындағы білім беру бөлімінің 2013-2014 оқу жылына жоспарланған байқау-сайысына байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қала мектептерінің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің кабинеттері бойынша 2013-2014 оқу жылдың наурыз айында өткізілсін.

2. Комиссия мүшелері бекітілсін:

Бекбосынова Х.В.. – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің әдіскері

Мұсабекова М.Д.- № 7 ЖОМ оқу ісінің меңгерушісі

Смағұлова Г.С. - №24 ЖОМ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, қалалық қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдерінің ӘБ жетекшісі

Аубакирова С.Қ – № 43 ЖОМ оқу ісінің меңгерушісі

Мәукенова Р.Е. – №36 ЖОМ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Камзина А.А.– №29 ЖОМ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Бегежанова Т.А. - №21 ЖОМ оқу ісінің меңгерушісі

Байдильдина Б.З. - №26 ЖОМ оқу ісінің меңгерушісі

Анесова Г.Ж. - №12 ЖОМ оқу ісінің меңгерушісі

3. Пән кабинеттері байқауының мерзім кестесі бекітілсін:

Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеттері байқауының кестесі

Мерзімі	Уақыты	Мектептер реті	Комиссия мүшелері
25.03.14	9.00-13.00	28,35	1,2,3 топ
	14.30.-18.30	16,30	
25.03.14	9.00-13.00	43,34	1,2,3 топ
	14.30.-18.30	Стикс, 6, 2	
25.03.14	9.00-13.00	1,5	1,2,3 топ
	14.30.-18.30	23,27	
26.03.14.	9.00-13.00	12, 18	1,2,3 топ
	14.30.-18.30	41, жетекші	
26.03.14.	9.00-13.00	25, 42	1,2,3 топ

	14.30.-18.30	КОМ	
26.03.14.	9.00-18.00	9, 22, 39	1,2,3 топ
27.03.14.	9.00-13.00	15,13,20	1,2,3 топ
	14.30.-18.30	40	
27.03.14.	9.00-13.00	7, 11	1,2,3 топ
	14.30.-18.30	38	
27.03.14.	9.00-18.00	24, 26, 21	1,2,3 топ
28.03.14	9.00-18.00	29,36, 14	1,2,3 топ
28.03.14	9.00-18.00	31,32,33	1,2,3 топ
28.03.14	9.00-18.00	14, 4,17	1,2,3 топ

4. Осы бұйрықтың орындалуын білім беру бөлімі әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Ш.С. Нұрахметоваға жүктелсін.

**Білім беру бөлімінің басшысы**



**З.Мұқашева**

Келісілді:  
Танысты:



Білім беру бөлімі басшысының орынбасары Г.Ш. Шиндлярская  
Әдістемелік кабинет меңгерушісі Ш.С.Нұрахметова

**«БЕКІТЕМІН»**  
**Павлодар қаласы**  
**білім беру бөлімінің**  
**басшысы**  
**З. Мұқашева**  
**« 20 » *сәуір* 2014**

**Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті байқау-сайысының ережесі**

**1. Жалпы ереже**

Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын іске асыруда, білім беру үдерісінің сапасын арттыру жағдайын бақылау мақсатында Павлодар қаласының білім беру бөлімі қазақ тілі мен әдебиеті кабинетінің байқау-сайысын өткізеді.

**Байқау-сайыстың міндеттері:**

1.1. Кабинеттің заманауи талаптарына сәйкестігін анықтау;

- көрнекі-құралдар;
- эстетикалық ресімделуі;
- санитарлық-гигиеналық және валеологиялық нормаларға сәйкестігі;
- материалдық-техникалық жабдықталу жағдайына талаптар;
- оқу іс-әрекетін ұйымдастырудағы қауіпсіздік талаптары;
- мазмұнына қойылатын талаптар.

1.2. Ең үздік кабинетті айқындау.

**2. Байқау-сайысты ұйымдастыру**

2.1. Кабинеттің байқауы Павлодар қаласының барлық мектептерде білім беру бөлімінің бұйрығы негізінде 2014 жылдың наурыз айында жүргізіледі.

2.2. Бағалауды жүргізетін критерийдің тізімдемесі мен оның параметрі осы ережеде беріледі.

2.3. Кабинет байқау-сайысының тексеретін әділқазылар алқасының мүшелерінің құрамын білім беру бөлімінің мамандары айқындайды.

2.4. Байқау-сайыстың қорытындысы бойынша білім беру бөлімі бұйрық шығарады.

**3. Кабинетті бағалау параметрі мен критерийлері.**

3.1. Оқу кабинетінің жағдайын бағалаудың сараптама кестесі.

№	Байқау барысында мыналар тексеріліп, бағаланады.	Ұпай саны
<b>I. КАБИНЕТТІҢ ЖАБДЫҚТАЛУЫ</b>		
1.1	Оқытушының жұмыс орны	
1.2	Оқушының жұмыс орны	
1.3	Интерактивті тақта	
1.4	Техникалық оқыту құралдары: теледидар, DVD, аудио-бейнетаспалары	
1.5	Лингафондық құрылымдар (лингафондық кабинет)	
1.6	Мультимедиалық оқу бағдарламалары	
1.7	Кабинетте қауіпсіздік техникасының нұсқаулығының, оқушылардың қауіпсіздік техникасының нормаларын сақтауларына арналған нұсқаулық журналының болуы	
1.8	Электронды оқулықтар	
1.9	Электронды әдістемелік құралдар	
1.10	Өрт сөндіру құралдары	
1.11	Алғашқы көмек көрсету қобдишасы	
1.12	Кабинеттің жабдықталуы бірыңғай стильде болуы	
1.13	Кабинеттің күн сәулесінің түсуін және жиһаз түсімен сәйкес келуін есепке ала отырып боялуы	
1.14	Техника қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық норма	

	ережелерін сақтауды қамтамасыз ететін құжаттар	
1.15	Техникалық қауіпсіздік стенді	
1.16	Кабинет жарықтығының деңгейі (барлық жарықтағыштардың функционалдығы, жабық плафондардың және тақта алдындағы қосымша жарықтың болуы)	
1.17	Оқушыларды кабинеттен эвакуациялау жоспары	
1.18	Оқушылар санының кабинет сыйымдылығының санитарлық-гигиеналық нормасына сәйкестігінің сақталуы	
1.19	Кабинеттегі өсімдіктердің орналасу тәртібі	
1.20	Кабинетті желдету кестесі	
	<b>II. ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ</b>	
2.1	Нормативтік құжаттар	
2.2	Кабинеттің төлқұжаты	
2.3	Кабинеттің перспективтік даму жоспары (3 жылға)	
2.4	Кабинеттің жұмыс кестесі	
2.5	Мониторингтік папка (оқушылардың білім сапасының мониторингі)	
2.6	Картотека, оқу-көрнекі құралдарының жүйеленуі (электрондық картотекалар)	
2.7	Үйірме, факультатив, элективті курстар құжаттары	
	<b>III. КАБИНЕТТІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ</b>	
3.1	Тұрақты стенд Қазақстан Республикасы Мемлекеттік (лицензиясы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің әдістемелік ұсыныстары басшылыққа алынуы, тактаның сол жағына ілінуі)	
3.2	Тұрақты стенд Тілге қатысты нақыл сөздің болуы (тактаның үстіңгі жағында)	
3.3	Тұрақты стенд Ақын-жазушылардың портреттерінің хронологиялық тәртіппен ілінуі	
3.4	Тұрақты стенд Қазақ тілі жазбаларының тарихынан	
3.5	Ауыспалы стенд Бүгін сабақта (грамматикалық анықтағыш, есте сақтаңыз!, мерейлі күндерге арналған)	
3.6	Ауыспалы стенд ҰБТ-ға дайындық, мемлекеттік емтиханға дайындық	
	<b>IV. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР ЖҮЙЕСІ</b>	
4.1	Дидактикалық материалдар жинағы	
4.2	Деңгейлік тапсырмалардан (сынып бойынша) құрастырылған таратпа (үлестірмелі) материалдары	
4.3	Жаңа бағдарламаның үш аясы бойынша: әлеуметтік- тұрмыстық ая, әлеуметтік – мәдени ая. әлеуметтік оқу – еңбек аясына арналған материалдар <i>*Мемлекеттік тілді мектепте – сатылай кешенді талдау</i>	
4.4	Сөйлесім әрекетінің түрлері: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесімге арналған материалдар. <i>*Мемлекеттік тілді мектепте – қазақ әдебиетінің даму тарихы және поэзиялық, прозалық шығармалардың талдау негіздері.</i>	
4.5	Бақылау жұмыстарының өлшем бірліктері, диктанттар, мазмұндамалар жинағы мен тест топтамалары	
4.6	Тақырыптық карточкалар (елтану, салт-дәстүр т.б. бойынша)	
4.7	Дарынды оқушылармен жұмыс түрлері	
4.8	Олимпиада материалдары (мектепшілік, қалалық, облыстық)	
4.9	Оқушылардың шығармашылық жұмыстары (рефераттары, ғылыми жобалары, презентациялары, баяндамалары)	
4.10	Үлгерімі төмен оқушымен жұмыс түрлері	
	<b>V. КАБИНЕТТІҢ КІТАПХАНАСЫ</b>	
5.1	Сөздіктер (аударма, орфографиялық, түсіндірмелі, синонимдік)	
5.2	Анықтамалықтар	
5.3	Қазақ тілінен қосымша оқулықтар	

5.4	Көркем әдебиет (жүйелілігі)	
5.5	Ғылыми-әдістемелік журналдар, мерзімдік басылымдар	
5.6	Сыныптан тыс жұмыстар іс-шаралары	
5.7	Кесте-плакаттар	
5.8	Мұғалімнің баспа өнімі (соңғы бес жылда)	
5.9	Мұғалімнің басылымдарға шыққан мақалалары мен баяндамаларының көшірмесі (соңғы бес жыл)	
5.10	Оқушыларының басылымдарға шыққан мақалалары, өлеңдері, шығармалары (соңғы бес жыл)	

3.2. Мүмкіндік ұпайының саны – 100.

**5. Жеңімпаздарды анықтау мен марапаттау.**

5.1. Жеңімпаз Павлодар қаласы білім беру бөлімінің грамотасымен марапатталады.